

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Аяпбекова, А.Е., Абишов, Н.У. Топонимика : монография / А.Е. Аяпбекова, Н.У. Абишов. - Анкара, 2021. - 136 б.
2. Аймұхамбет, Ж.Ә., Миразова, М.Н., Кенжалин, Қ.Қ. Шымкент қаласы аумағындағы антропотопонимикалық эпсаналардың поэтологиялық пішіні // Turkic Studies Journal. - 2022. - № 2. - Б. 7-21.
3. Жанұзақ, Т. Тарихи жер-су аттарының түптөркіні / Т. Жанұзақ. - Алматы : Сөздік-Словарь, 2010. - 364 б.
4. Қойшыбаев, Е. Қазақстанның жер-су аттары : сөздік / Е. Қойшыбаев. - Алматы : Мектеп, 1985. - 256 б.
5. Свод памятников истории и культуры Казахстана. Т. 1 : Южно-Казахстанская область. - Алматы : Қазақ энциклопедиясы, 1994. - 375 с.
6. Тасполатов, Б.Т. Қазығұрт топонимдері : монография / Б.Т. Тасполатов. - Шымкент : Әлем баспаханасы, 2016. - 168 б.
7. Тюркская ономастика : сборник научных трудов / отв. ред. А.Т. Кайдаров. - Алма-Ата : Наука, 1984. - 248 с.

XX ҒАСЫРДАҒЫ ЖАППАЙ ҚОНЫС АУДАРУЛАР: ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ САЛДАРЫ

Абдісаламұлы Ә.

Ғылыми жетекшісі: Мукатаева З.К.

Шәкәрім университеті

Электрондық адресі: abdunyrabdusalyam@gmail.com

Семей қ.

XX ғасырда көптеген көші-қон процесстері орын алды. Ал патша үкіметінде бұданда ерте бастауын алды. XIX ғасырда Патша үкіметінің әскери топ өкілдері мен казактарды Қазақ жеріне орналастырғандығы белгілі. Уақыт өте орыс шаруаларыда қазақ жеріне көшіп келе бастағандығы кейінгі XX ғасырдың 20-жылдарға дейінгі шаруалардың қазақ жеріне жаппай орналасуының алғы шарты болды. Бұл өз кезегінде XX ғасырдың бұрын-соңды болмаған демографиялық және кеңестік өзгерістерге әкелді. Қазақстан үшін бұл өзгерістер үлкен маңызға ие болды.

Айтып өткендей XX ғасыр әртүрлі миграциялық процесстерге толы болды. Бірақ халықтың қоныс аударуына себеп болған әртүрлі жағдай. Ресей империясының қоныстандыру саясаты, Столыпин реформасы, кеңестік индустрияландыру, ұжымдастыру, ашаршылық, тың және тыңайған жерлерді игеру сияқты тарихи кезеңдер қазақ жеріне әртүрлі өзге ұлт өкілдерінің қоныс аударуына себеп болды. Онымен қоса қазақ халқының өз ішіндегі еріксіз миграция - ашаршылық кезеңдегі босқындық, репрессиядан қашу, соғыс жылдарындағы эвакуация- елдің демографиясына үлкен әсерін тигізді.

Көптеп қоныс аударушылар әрине орыс шаруалары, казактар уақыт өте украин, неміс, ұйғыр, татар т.б. ұлттар болды. Сол XX ғасырдың басында орыс пен казак ұлтының қазақ жеріндегі үлесі 35% құрады. Ал дүнгендер, ұйғырлар т.б. ұлттардың саны 244 мың адам деп есептелді. Көшіп келгендер ғана емес кеткендерде болды. Мысалы, 1902 жылғы Жетісу әкімшілігінің деректері бойынша соңғы жылдары Қытай асқандардың есебі беріледі. Ол дерек бойынша 1901 жылы қытай асқандар саны 5491 адам деп есептеліп оның ішінде -198 дүнген, 1798 казак, 2495 ұйғыр деген дерек беріледі[1,123]. Бұл санаққа енбей қалғандарда болғанын ескерсек, қазақ этнодемографиясының қаншалықты өзгергенін байқай аламыз.

Осы тұрғыдан қарастыра отырып XX ғасырдағы жаппай қоныс аударулардың Қазақстан тарихына әсері орасан зор болып табылады. Сондықтан бұл зерттеу қазіргі демографиялық саясатты тиімді жоспарлау үшін, сондай-ақ тарихи-этникалық процесстерді терең түсіну үшін маңызды.

1897 ж. есеп бойынша қазақ жеріндегі халықтың жалпы саны 4 148 000 адам санын құрады. Бірақ Столыпин реформасына дейін бұл көрсеткіш басқаша өзгерді. 1861 жылы басыбайлы тәуелділіктен босаған шаруалардың легі қазақ жеріне келіп жатты. 1917 жылға дейін бұл үдеріс жалғаса берді. Патша үкіметінің шаруаларды көшірудегі мақсаты сол уақыттағы шаруалардың өздеріне берген жерді аздық етіп көтеріліс жасағандарды тыныштандыру, қазақ шаруаларын отырықшыландыру, өз ықпалын күшейту болатын. Ал 1914 жылға қарай қазақ жеріне келіп жатқан

шаруалардың басым көпшілігі Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария, Торғай, Орал облыстарының аумағына қоныстандырылды. Оларға жер бөлінді. Шаруалардың басым бөлігі Ақмола облысынан орын алды. Столыпин реформасының 1917 жылғы Ақпан-Қазан төңкерісінен кейін шаруалардың көші-қоны тоқтады. 1917 жылғы Ақпан төңкерісінен бастау алған қос үкімет арасындағы күрес азамат соғысымен, 1921 жылғы жұтпен жалғасын тапты. Одан кейінгі негізгі санақ бойынша деректер 1926 жылдан бастау алады.

Т.Рысқұлов 1927 жылы Қазақстан тұрғындарының 92%-ы ауылдық жерлерде, 8%-ы қалаларда қоныстанған деген дерек береді. Ауыл тұрғындарының 55% қазақтар, 25% орыстар, 9% украиндар, 3% өзбектер, 1% татарлар т.б. ұлт өкілдері үлесіне береді. 1926 жылғы қазақ жерінде мекендеген адам саны 6 198 476 адамды құрап оның 3 627 612 жан санын қазақ ұлты құрады. 1 275 055 жан санын орыс ұлты, 860 201 адам украиндар, 51 094 немістер, 79 758 татарлар болған екен. Қалғаны тағы басқа саны аз халықтардың үлесіне қарастырылған екен[2,28]. Н.Ф. Базанованың еңбегінде сол уақыттағы көші-қон процесстері 1929 жылы Қазақ АКСР қоныс аудару басқармасы құрылғанға дейін, сырттан қоныс аударулардың нәтижесінде 1920 жылдан бері ауыл халқының саны 26,4%-ға өскен[2,35]. Бірақ 1929 жылдан кейін Қазақстан демографиясы құлдырады. Негізгі себеп сол уақыттардан бастау алған ұжымдастыру мен репрессия кезеңдерінің басталуымен қарастырылатын демократиялық өзгерістер.

1928-1932 жылдары қазақ демографиясына үлкен әсерін тигізген ұжымдастыру саясаты орнады. Көптеген адам күштеп көшірілді, аштық болды, аштықтан аман қалу үшін шетел асқандарда болды. Қазақ жеріне қудаланғандарда болды. 1929 жылғы Сталиннің бай кулактарды тап ретінде жою саясаты кулактардың қазақ жеріне қудаланған кулактардың санын көбейтті. 1930 жылдың өзінде Қазақстанға Орта Азиядан 80 отбасы 281 адам әкелінген[2,37]. Осы уақытта қазақ тарихына өзіндік бір орны бар тақырып лагерлер бастамасы көтеріледі. В.Н. Земсков өз зерттеулерінде 1930-1931 жылдары Қазақстанның өзінде қоныстандырылғандар мен шашыратып орналастырылған отбасы саны - 6765 екені, олардың арнайы ретпен көшіріліп келгендері «арнайы қоныс аударылғандар» - деп аталып, қалғандарына барлығы дерлік «жер аударылғандар», «кылмысы үшін қуғындалғандар» деген айып тағылып, ГУЛАГ жүйесіне жатқызылып, арнайы бақылауға алынған болатын деп жазады[2,41]. Дерек бойынша негізгі көзге түсетін жағдай, репрессия жылдары басқа ұлт өкілдерінің үкімет билігіне қарсы болады-ау дегеннің бәрі жер аударылып, бақылауға алынғандығында.

Жоғарыда айтып өткендей осы уақытта лагерлер мәселесі көтеріліп, лагерлер құрыла бастады. Соның бірі 1931 жылы құрылған «Гигант» совхозында ГУЛАГ жүйесіне қарасты КАРЛАГ-тың бөлімшесі ретінде еңбекпен түзету лагері. Лагердегі тұтқындар Балқаш және Қарсақпай кенішінде металл қорту жұмысына пайдаланылды. Сол уақыттағы барлық лагерь жағдайы осындай сипатта болды. Ұжымдастыру бай кулактарды ғана емес, қазақ ауылдарында жаншып өтті. Зерттеуші Т. Омарбековтың зерттеуінде 1930-1933 жылдарда негізі қазақ болған ауылдардан ғана 3 379 000 адамға кемігендігі айтылады. Оның 1 миллионнан астамы босқындар[2,44]. Ал сол уақытта негізінен 4 170 000 қазақ болғандығы айтылады. Ғалымның қарастыруынша 1932 жылғы аштық кезінде қазақ халқының 64 пайызы аштықтан қырылған. Олардың 165 мыңы Қытай, Монғолия алысы Түркияға көшкен. Ал 450 мыңдай Ресейге қоныстанған[2,45]. Аштықтың қатты күшті болғанына байланысты Қазақстан аумағының ішінде де үлкен көшу процесстері орын алды және бұлда шетел асқан қазақтың жағдайынан кем болмады. Қазақстан Жоғарғы Кеңесі Төралқасының арнайы комиссиясы Қазақстандағы басқа халықтардың азайғандығына мәліметтер келтірген. Ол мәлімет бойынша украиндар 100 мың адамға, орыстар - 85 мың адамға, өзбектер 20 мың адамға, ұйғырлар 10 мың адамға, татарлар 9 мың адамға, немістер 8 мың адамға, мордвалар 4 мың адамға, белорустар 3 мың адамға, қырғыздар 3 мың адамға, дүнгендер 1 мың адамға, басқа ұлттар 9 мың адамға азайған[2,64]. Ал американдық тарихшы осы ашаршылық жылдары Қытайға 200 мың қазақ көшіп кеткендігі жайлы мәлімет келтіреді[2,67]. 1934 жылы Қазақ жеріне Кеңес Одағына қараған әртүрлі қалалардан адамдар қоныстандырылды. Осы өзгерістерден кейін 1936 жылы «Украина жерінен Қазақстанның Қарағанды облысына экономикалық қамтамасыз ету» туралы шешімдер мемлекеттік тоталитарлық жүйенің депортациялау саясатын жүргізудің алғы шарты болды.

1936 жылы поляктарды қуғындау кезінде Украинадан Қазақстанға 15 мың поляк пен неміс шаруа қожалығы көшірілді [2,52]. М.Қ. Қозыбаев өз еңбектерінде Қазақстанда 20 шақты лагерь болса, Одақ бойынша 70-тей лагерь болған деген дерек келтіреді. Карлаг лагерінің өзінде 60 мың тұтқын қуғындалып, жер аударылған екен[2,53]. Халықтарды қуғындау поляктармен тоқтамады. Поляктардан кейін қуғын-сүргінге ұшыраған халық Қиыр Шығыстағы кәрістер болды. 1937 жылы 21 тамызда И. Сталин мен В. Молотов қол қойған қылмысты бұйрық шешімі бойынша кәрістерді жер аударды, кәрістердің күрескер патриоттарын жапон тыңшысы деген айыптаулармен Қазақстанға және Орта Азияға жер аударды. 1937 жылы Қазақстанға жер аударылған кәрістер саны 98 454 адам болған[2,56].

1938 жылы Әзербайжанның шекаралық аймағында тұратын ирандықтарды Қазақстанға көшіру басталады. 1938 жылы қараша-желтоқсан айларында Әзірбайжаннан 1621 ирандық отбасы Қазақстанға қоныс аударған. 1938 жылдың басында Карлагта 7364 адам тұтқындалды. Олардың ішінде шетелдік тұтқындарда бар [2,58]. Олардың 9-ы Германиядан, 8-і Польшадан, 46-сы Қытайдан, 76 тағы басқа елдерден келді. 1938 жылы Кеңес Одағы ГУЛАГ жүйесінде осы жылдың 1 қаңтарға дейінгі есебі бойынша 995 728 адам тұтқындалған. Орыстар- 618 689, украиндар- 150 999, белорустар - 49 951, қазақтар - 11 652, қырғыздар- 2868, тәжіктер - 2717, түркмендер 4765 және өзбектер- 19749 адам болған екен. 1937 жылы бастау алған Армения мен Әзербайжан халықтарымен қоса күрдтердіде көшіру жоспарға алынған болатын. 1938-1939 жылдары армян және күрд ұлттары көшірілді [2,61]. Демек, күрд пен армян халықтарынада кеңестік жүйе сенбеген және оларды қуғынға ұшыратқан.

1926 жылғы санақ бойынша Қазақстандағы жалпы халық саны 6 198 467 адамды құраса, 1939 жылғы санақ бойынша халық саны 6 093 467 адамды құраған. Оның ішінде қазақ халқының үлесі 2 313 674 адамды құраған, ал 1926 жылғы санақта қазақ халқының саны 3 627 612 адам болған екен. Яғни, қазақ халқының айтарлықтай азайған. Орыс ұлтының саны 2 449 128 адамды, украиндар 656 676 адамды, татарлар 106 943 адамды, өзбектер 103 240 адамды, белорустар 31 309 адамды, ұйғырлар 35 354 адамды, кәрістер 95 903 адамды, әзірбайжандар 11 951 адамды, қалған ұлттар саны 196 950 адамды құраған. 1939 жылы жүргізілген Бүкілодақтық санақ қорытындысы бойынша Қазақстандағы немістер саны 92 мың адам құраған. Оған қоса поляк, украин, белорус ұлттарыда Қазақстанға көшірілген. Украин ұлтының үлесі- 6478, белорус жерінен -203 отбасы келген [4,186]. Жоғарыда берілген дерек бойынша қазақ халқының санына 13 жылда болған қос тарихи оқиғаның әсерін көруге болады. 1926-1939 жылдардағы қазақ халқының демографиялық жағдайын өзгерткен, тарихтағы қиын кезең болды.

1941 жылдан қазақ жерінің халық санына әсер еткен тағы бір оқиға бастауын алды. 1941 жылы Еділ жағалауы немістерін қуғындап көшіру туралы Кеңес Одағы Жоғары Кеңесінің Төралқасы шешім шығарды. Соғыс уақытында қазақ жеріне қуғындалған немістер саны 420 мың адам болды[2,95]. Барлық неміс ұлты өкілдері қудаланды. Көшіп келгендер әртүрлі қиындықтарға жолықты, әсіресе азық-түлік, киім, аяқ киім, тұрмыстық жабдық пен баспана қудаланған неміс халқына ыңғайлы болмады. 1941 жылы тамыз-желтоқсан айларында эвакуацияланғандардың негізгі толқыны келді. Алғашқы келгендердің саны - 386 492 адамды құраған. Эвакуацияланғандардың алдыңғы толқынмен келгендері Белоруссия, Ленинград қаласы, Мурманск облысынан, Балтық жағалауы республикаларынан, Карель-фин КСР-нен, Молдавия КСР-нен, Қырым, Воронеж, сондай-ақ, Мәскеу және Смоленскінің елді-мекендерінен келді. 1942 жылдың бірінші жарты жылдығы қаңтардан-шілде айына дейін Қазақстанға 31 911 адам қоныстанған. Эвакуациялағандардың екінші толқыны Воронеж, Ростов, Солтүстік Кавказдан келді [2,112]. Соғыс жалғасып жатқандықтан, үкімет неміс ұлты өкілдерін толық депортациялауды басты негізге қойды.

1943 жылы қазан айында қуғындаулың келесі бір кезеңі басталды. Немістердің уақытша қол астында болған Солтүстік Кавказбен Қырым аймағындағы және тағы басқа орыс емес аз ұлттарды жаппай жазалау басталды. 1943 жылы 12 қазанда Кеңес Одағының Жоғарғы Кеңесі Төралқасы «Қарашай автономиялық облысын жою және оның территориялық әкімшілігінің құрылымы туралы» қаулысымен қарашай халқы туған атамекендерінен қуылды. Сөйтіп, Қарашай Автономиялық облысы таратылып, 14 774 отбасы қуғындалып, олардан Жамбыл және Оңтүстік Қазақстан облыстарына 11 711 отбасы қоныстанды. Қалғаны Қырғызстан мен Өзбекстанға қудаланды [2,102]. Соғыс жылдарындағы депортация әрі қарай жалғасты.

1944 жылы 31 қаңтарда Кеңес Одағы Мемлекеттік Қорғаныс Комитетінің қаулысы бойынша шешендер мен ингуштерді Қазақстан мен Қырғызстан КСР-іне көшіру қажет деп шешіледі. 1944 жылы 7 наурызда Шешен-Ингуш Автономиялық республикасы таратылды. 1944 жылы 310 630 шешен және 78 479 ингуш күштеп көшіріліп, Қазақстанға - 344 589 адам келген. 1944 жылы балқарларды көшіру туралы жарлықтан кейін Қазақстанға 4660 отбасы қудаланып келді. Қырым татарларыда осы жылы Орта Азия мен Қазақстанға қуғындалды. Барлығы 191 044 татар көшіріліп олардың басым бөлігі Өзбекстанға, 45 001-і Қазақстанға орналастырылды. Олармен бірге қазақ жеріне 7 мың балқар мен грек әкелінді[2,105]. Соғыс зардаптарын бұл халықтарда көрді. Көші-қон процесі жалғаса берді.

1945 жылы Қазақстанға Солтүстік Кавказдан 112 102 отбасы келді. Олардың ішінде 21 мың балқарлар болды. 1945 жылы 1 қаңтарда келгендер 462 120 адам болды. 1945 жылдың ортасында 6125 отбасы келсе, 75 233 отбасы кері көшіп кеткен, 13218 адам өлген. 1946 жылы 1 қаңтарда республикада 107 272 отбасы қоныс аударып келді [2,148].

В.Н. Земсковтың көрсетуінше соғыстан кейін арнайы қоныстаушылар әртүрлі себептермен ерікті адамдар қатарына босатыла бастады. Мысалы, 1946 жылы Қазақстаннан басқа республикаларға 28 105 адам жіберілсе, Польшаға 40 мың поляк қайтарылды. 1949-1952 жылдары қоныс

аударушыларды босату процесі жүріп жатты [2,157]. Осы дерекке сүйене отырып, саяси репрессияға ұшыраған тұлғалардың қонысаудару үрдісіне өзіндік әсерін көруге болады.

1954 жыл қазақ тарихындағы тағы бір маңызды оқиға тың және тыңайған жерлерді игеру кезеңі бастау алды. 1954 жылы Қазақстан совхоздарына 48 901 адам келді. 1954-1955 жылдары Украиннадан, Белорусиядан және тағы басқа мемлекеттерден 20 мың отбасы келді. 1954-1958 жылдары Қазақстанның колхоз-совхоздарына 79 965 отбасы қоныс аударып келген. 13 417 отбасы кері қарай көшкен [2,163]. Қ. Еңсеновтың зерттеулерін негізге ала отырып, қазақ жеріне қоныс аударушылардың алғашқы көлемді толқынының басталғанын көре аламыз.

1959 жылғы санақ бойынша қазақ жеріндегі жалпы халық саны 9 294 741 адамды құрады. Оның ішінде қазақ халқының үлесі 2 787 309 адам болған екен. Орыс ұлтының саны 3 972 042, украиндар 761 432, немістер 658 698, татарлар 191 680 жан басын құраған екен [4,186]. Осы кезден бастап автохтондық халық -қазақ ұлтының санының азайып, қоныстану үрдісінде қазақтардың өсімі регреске кете бастады.

1960 жылдардың екінші жартысынан және 1970 жылдардағы миграциялық, механикалық қозғалыс есебінен халық саны едәуір ұлғайды. Бұл қозғалыстардың қарқыны жаңа қалалардың санының күрт өсуіне әкелді. 1959 жылы 42 қала, 1970 жылы 77 қалаға жетті. Қала типтес шаһарлардың саны 138-ден 173-ке көтерілді. Осы кезеңдерде қала халқының өсуі ауыл халқынан айтарлықтай жоғары болды. Қазақ жерінде 1959 жылғы мағұлмат бойынша 100-500 мың аралығындағы халық саны бар 7 қала тіркелген [3,14]. Ал олардың саны 1970 жылы қала саны 13 ке жетті. Сонымен қатар қала тұрғындарының саны 55%-ға өсті. Осы мәліметтер Қазақстандағы урбанизация саясатының өзгерісін көрсетеді.

1960-1970 ж. Қазақстанда көші-қон елдің қала-ауыл құрамына айтарлықтай әсер етті. Ақтөбе обылысындағы Хромтау, Ембі, Павлодар обылысындағы Краснооскутск сияқты өндіріс орындарының ашылуы сырттан келушілер санын көбейтіп, елдегі көші-қон қарқынын күшейтті. 1960 жылдардың екінші жартысынан бастап көші-қон үдерісі халық санының өсуіне әсер етумен қатар, республиканың әлеуметтік құрылымында маңызды рөл атқарды. Осы жылдарда көші-қон саясаты жоспарлы түрде жүріп, экономикалық міндеттермен тікелей байланыста болды. Жалпы алғанда, 1960-1970 жылдардағы көші-қон Қазақстанның қалалық аймақтарын қарқынды дамытуға, еңбек ресурстарын қайта бөлуге және жаңа өндіріс ошақтарының қалыптасуына жол ашты. Кеңестік көші-қон саясатының маңызды бағыттарының бірі- ҚХР-дан келген 46 мыңнан астам қазақты республика аумағына қоныстандыру болды [3,15]. Бұл үрдіс қазақ халқының этникалық құрамының өзгеруіне және ұлттық бірегейліктің сақталуына елеулі ықпал етті.

Одақтас республикаларының өсімін анықтау мақсатында 1970 жылы санақ өткізілді. Қазақ ССР де жалпы халық саны 13 008 726 адамды құраған. Қазақ халқының саны 4 234 166 адам деп көрсетіледі. Халықтың басым бөлігі орыс ұлты 5 521 917 адамды құрады [4,186]. 1897 жылғы санақпен салыстырсақ, жалпы халық саны 1897 жылы 4 147 748 адам болса, оның 3 392 751-і қазақ ұлтының үлесіне деп есептелген екен. Ал орыс ұлты 454 402 адам құраған екен. Қазақ халқы осы 70 жылдық аралықта үлкен ұлттық өзгерістерге ұшырады, әртүрлі көші-қон мен аштықты бастан өткерседе, өз болмысын сақтап қала алды.

Кеңес дәуірінде Қазақстан одақтық маңызы бар миграция орталықтарының бірі болды. Әсіресе 1954-1962 жылдары тың игеру кезінде елге жаппай қоныс аудару жүрді. Бұл кезеңде Ресейден шамамен 1,2 миллион, Украинадан 900 мыңға жуық адам келді. Сонымен қатар Беларусь, Балтық елдері мен Молдова республикаларынан да жүздеген мың адам көшіп келді. 1960-1970 жылдары аралығында Қазақстанға жыл сайын орта есеппен 60-70 мың адам көшіп келіп отырды. Көшіп келушілер көбінесе Солтүстік Қазақстан, Ақмола-Қостанай аймағы, Павлодар-Екібастұз индустриялық аудандары мен Қарағанды-Теміртау металлургия кешендеріне орналастырылды. Бұл миграциялық толқын елдің демографиялық және әлеуметтік құрылымына айтарлықтай әсер етті.

Қазақ жеріндегі XX ғасырда орын алған тағы бір маңызды оқиға, қазақ халқының тәуелсіздік алуы. Тәуелсіздік алмай тұрып жүргізілген 1989 жылғы санақ бойынша қазақ жеріндегі халықтардың жалпы саны 16 464 400 адамды құраса, оның 6 534 600 жан басы қазақ ұлтын құрады. Екінші саны бойынша көп ұлт орыс халқы 6 227 500 адамды құраған. Неміс ұлты 957 мың адамды құраса, украиндар 896 мың адамды құраған [4,186]. Қалғаны басқа ұлттар үлесіне тиесілі. Деректерге сүйене отырып, қазақ халқының үлесінің артқандығын байқай аламыз. Оның үстіне Қазақстанға КСРО-ның басқа аудандарынан көшіп келушілерге қарағанда, кетушілер артық болды. 1970 ж. Көшіп кетушілер 35 мыңнан 1988 ж. 95 мың адамға жеткен [6,423]. Бұл көші-қонға ешқандай билік тарапынан шектеу болмағасын, қазақ жерінде келгендерден гөрі кеткендердің одан әрі санын арттырды.

1991 жылдан бастап Қазақстандағы көші-қон процесі басқаша сипатта өрбіді. 1991 жылдан бастап Қазақстандағы қазақ емес халықтардың көшуімен, Өзбекстан, Түрікменстан, Ресейден қазақтардың көшіп келуімен сипатталды. 1991 ж. ТМД елдерінен Қазақстанға көшіп келгендер саны кеткендер санынан 10 мың адам артық болды. Мысалы, 1991-1992 жылдары Монғолиядан 41 мың қазақ көшіп келді [6,431]. Яғни, тәуелсіздік алған жылдары қазақ халқының үлесі артты деп айта аламыз.

Ал 1999 жылғы санақ бойынша Қазақстан жеріндегі жалпы халық саны 14 953 126 адамды құраса, оның 7 986 039-ы қазақ ұлты деп есептелген екен. 4 479 618 орыс, 547 052 украин, 353 441 неміс ұлты тіркелген екен. Бұл дерек бойынша қазақ халқының санының өскенін байқай аламыз.

XX ғасыр қазақ жеріндегі тоқтаусыз көші-қонымен, әртүрлі ұлттардың жергілікті қазақ ұлтымен бір нанды бөле жеген, аштықты да тоқтықты да біріге бастан өткерген өте қиын кезең ретінде сипатталады. Ал біз сол бір қиыншылықтарды еске ала отырып, Қазақстанның қазіргі уақытта әртүрлі ұлттардың отаны екенін, әрі олармен тату тәтті өмір сүріп жатқан мемлекетке айналғандығымызды түсінуіміз керек дегім келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Мендикулова, Г. М. История миграций между Казахстаном и Китаем в 1860-1960-е гг. - Алматы, 2008- 232 с.
2. Еңсенов Қ. Қазақстандағы көші-қон және демографиялық ахуал (XX ғасырдың 20-50 жж.) 1-том Астана: «БиКА» баспа-полиграфиялық кешені- 2018.- 263б.
3. Еримбетова, Қ. М. Кеңес мемлекетінің 1960-1990 жылдарындағы Қазақстандағы көші-қон саясаты (тарихи-демографиялық аспект) Алматы: «Қазақ университеті» б.- 2007.- 32б.
4. М. Х. Асылбеков, А. Б. Галиев. Социально демографические процессы в Казахстане (1917-1980). - Алма-Ата : [б. и.], 1991. - 192 с.
5. Жаксимаева Д. Б. Шаруалардың қазақстанға жаппай қоныс аудару үдерісі (XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басы). // Қазақстан тарихы очерктер - Алматы: «Дәуір» - 1994.- 445б

БАЛҚАШ ӨНІРІНІҢ ОНОМАСТИКАЛЫҚ АТАУЛАРЫ: ШЫҒУ ТЕГІ ЖӘНЕ ЗЕРТТЕЛУІ

Абеуов А.Е.

Ғылыми жетекшісі: Астана Халықаралық Университетінің аға оқытушысы Молдахмет А.А.
E-mail: Abeuovabbas@gmail.com

Аңдатпа

Бұл мақалада Балқаш қаласы және оның маңындағы өңірдің ономастикалық жүйесі, жер-су атауларының шығу тегі, тарихи негіздері және олардың зерттелу ерекшеліктері қарастырылады. Географиялық атаулар - белгілі бір аймақтың табиғаты, тарихы, этномәдени ерекшелігі және халықтың дүниетанымы жөнінде құнды ақпарат беретін маңызды лингвистикалық дереккөз. Балқаш өңіріндегі топонимдердің көпшілігі ежелгі түркі, қыпшақ, моңғол және қазақ руларының тілі мен мәдениетінен бастау алады. Мақалада «Балқаш» атауының этимологиясы, көл мен қала атауының әртүрлі деректерде берілуі, өңірдегі өзендер, қыраттар, қалашықтар мен өндірістік аймақ атауларының тарихи-мәдени негіздері талданады. Сонымен қатар Е. Қойшыбаев, Т. Жанұзақов, Ә. Әбдірахманов сияқты ғалымдардың еңбектеріндегі Балқаш өңіріне қатысты тұжырымдар қарастырылады. Зерттеу барысында салыстырмалы-тарихи талдау, этимологиялық зерттеу, картографиялық салыстыру және ауызша деректерді жинау әдістері қолданылды. Балқаш қаласы мен оның өңіріндегі ономастикалық атаулар тек географиялық нысандарды белгілеу үшін ғана емес, халықтың тарихи жадын, жергілікті ерекшеліктерін, табиғи-экономикалық жағдайын көрсететін маңызды мәдени белгі ретінде бағаланады.

Кілт сөздер: Балқаш, ономастика, топоним, гидроним, атаулар тарихы, этимология, Іле, Қаратал, жер-су атаулары, мәдени мұра.

Аннотация

В данной статье рассматривается ономастическая система города Балхаш и прилегающего региона, происхождение и исторические основания местных географических названий, а также особенности их изучения. Топонимы являются ценным лингвистическим источником, отражающим природные условия, историю, этнокультурные особенности и мировоззрение населения определённой